

ЖОЛ ЖАҒДАЙЫ РЕТТЕЛЕДІ

Атырау қаласындағы Құрманғазы атындағы мәдениет үйінде Президент Н.Ә.Назарбаевтың кезекті Жолдауына арналған кеңейтілген жиын өтті. Оған облыс басшылығы, ұйымдар мен компания өкілдері, ардагерлер, студенттер, БАҚ өкілдері қатысты. Елбасының биылғы Жолдауынан туындайтын басты мәселелерге тоқталған облыс әкімі Нұрлан



Ноғаев өзінің баяндамасында көптің көкейіндегі біраз мәселелердің түйінін тарқата айтты. Әсіресе, облыс жұртшылығының көптен күткен жол мәселесі биылдан бастап қолға алынғалы отыр.

Атырау облысы бойынша 990 шақырымды құрайтын республикалық маңыздағы жол өтеді. Соның 552 шақырымын Ақтөбе-Атырау-Астрахан бағытындағы жол құрайды. Қазіргі таңда бұл республикалық маңыздағы жолдың 217 шақырымын қаржыландыру көзі анықталды. Бұл шараны Еуропа қайта құру және даму банкі қаржыландырып отыр. Банк басшылығы 160 млн.доллардан асатын қаражат бөлуге шешім

ЖОЛДАУ

алған. Халықаралық тендер жарияланып, мердігер мекеме анықталды. Қазір құрылыс жұмыстарының дайындығы жүріп жатыр.

Мұндай игі шаралар облыс орталығы-Атырау қаласында да қарқын алған. Атырау қаласы бойынша 431 көшеде 267 шақырым жол жөнделген. Ал, биыл жыл соңына дейін 220 көшедегі 280 шақырым жол жөнделмекші.



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ «САУЫҚТЫРУҒА 10 ҚАДАМ» БАСТАМАСЫ


Жалғасы, басы өткен санда. ДЕНСАУЛЫҚҚА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

БДДСҰ мәліметтері бойынша, адам денсаулығы келесі факторларға байланысты: тұқым қуалаушылық, қоршаған орта (экологиялық жағдай), денсаулық сақтау деңгейіне. Бірақ та, денсаулыққа ықпалын тигізетін ең маңызды факторлар

Денсаулыққа әсер ететін факторлар



Өмір сүрудің орташа ұзақтығы¹




¹ (БДДСҰ мәліметтері бойынша, http://www.who.int/gho/publications/world_health_statistics/2016/en/).

бұл тамақтану және де өмір салты болып табылады.


ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

КМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДАҒЫ СЫРҚАТТАНУШЫЛЫҚТЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

КМГ тобы бойынша сырқаттанушылықтың құрылымы



Қазақстан бойынша сырқаттанушылық құрылымы



ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Енді қауіпсіздік саласындағы құқық-бұзушылықтар, сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану жөніндегі ақпаратты WhatsApp әлеуметтік желісі және SMS хабарламамен жіберуге болады. Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қыз-

меткерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстар қызметі

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ «САУЫҚТЫРУҒА 10 ҚАДАМ» БАСТАМАСЫ

Жалғасы.

ТОПТАРҒА ТИЕСІЛІЛІГІ ЖӘНЕ ЕҢ ЖАҚСЫ
ТОПҚА АУЫСУ МҮМКІНДІКТЕРІ

ТАБЫСТЫҢ ҚАЙНАР ФАКТОРЛАРЫ

1. Бастаманы және барлық деңгейдегі бастықтар мен қызметкерлердің соғын қосылуды қолдайтын корпоративті мәдениет./ КМГ басқармасы жағынан қолдау³.
2. Әртүрлі шараларда және денсаулыққа қауіпті бағалауда жұмыскерлердің өздерінің белсенді қатысуы/қызметкерлерді қарату.
3. Жағымды ортаның мәні/сыртқы факторлардың жұмыс орнына әсері.
4. Мүдделі ұйымдарды қатысуға қарастыру/ кәсіподақтар, медициналық ұйымдар, сақтандыру компаниялары, фитнес-клубтар.

БАСТАМА МАҚСАТТАРЫ

Беделді ғылыми зерттеулер мен құрастырулар негізінде КМГ қызметкерлеріне арналған сауықтыру мен алдын-алудың сынақ бағдарламасын құрастыру.

1. Инфекциялық емес/инфекциялық сырқаттармен байланысты қауіптер жайлы, және оларды болдырмауға бағытталған алдын-алу шаралары бойынша КМГ қызметкерлерінің білім деңгейін көтеру.
2. Кейіннен КМГ компаниялар тобында қолдануға болатын, оңтайлы сынақ бағдарламасын құрастырып тізу.

С.Мыңбаев,

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқарма төрағасы.

МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ЖАҚСARTU НАЗАРДА

«Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қазақстандықтарға арнаған кезекті Жолдауын зор ықыласпен тыңдады. Республика жұртшылығының тұрмыс сапасын жақсарту, табыс көлемін арттыру қажеттілігі туралы айтылған пікірлер көптің көкейінде жүрген мәселе. Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдар-кәсіпорындар қызметінің негізгі мақсаты қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартумен байланыста болуы керек екендігін Елбасы өзінің Жолдауында дәлелді айтты.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айындағы өзінің Атырау облысындағы кезекті сапарында Елбасы біздің компанияның бас кеңсесінде болып, өндіріске енгізілген басты жаңалыққа- «Интеллектуалды кен алаңы» жобасының жұмысына оң бағасын берді. Кен алаңына енгізілген аталмыш жоба арқылы электр энергиясын 30 пайызға азайтуға қол жеткіздік. Қазіргі таңда бұл тұжырымдаманы Ембінің өзге кен алаңдарына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-на қарасты кеніштерге таратуды қолға алып отырмыз. Әрине, бұл табыстарға ұжымдағы бірліктің арқасында қол жеткізгеніміз анық. Елбасы өзінің сөзінде атап көрсеткендей, мемлекеттің басты байлығы-халық. Біз қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту барысындағы

Нұрсұлтан Әбішұлының пікірін толық қолдаймыз.

Компанияда еңбек ететін 5 мыңнан қызметкерлер 2017-2021 жылдар аралығындағы Ұжымдық шартта көрсетілгендей тұрақты жалақымен, әлеуметтік пакеттермен қамтылған. Мұнайшылар еңбек демалыстарында сауықтыру мақсатындағы және әйел-аналардың жүктілігі кезіндегі, бала дүниеге келгендегі бір жолғы төлеммен қамтылған. Мұнайшылар мен олардың отбасы мүшелері медициналық сақтандыру шараларымен де қамтамасыз етілген. Мұнайшы балаларының жазғы демалыс уақытын сәтті өткізу мақсатында бір жолғы төлем төленеді. Жұмысшылардың баспаналық жағдайын жақсарту үшін екі пайыздық жеңілдетілген несие беру мақсатында еліміздің екінші деңгейдегі банктермен келісімшарт жасалған.

Компания әлеуметтік жауапкершілік пен кадр саясатын жақсартуды үнемі назарда ұстайды. Уақытынан бұрын зейнеткерлік демалысқа шығу Ережесі бойынша кейбір мамандар, жұмысы ауыр деп есептелетін мамандық иелері (операторлар, ұңғымаларды жер асты жөндеу машинистері, көлік жүргізушілер, агрегат машинистері, электродәнекерлеушілер) 48-50 пайыздық көлемінде ай сайынғы төлеммен

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ



58 жастан бастап мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шыға алады. Бағдарлама өндірісте ұзақ жылдар еңбек еткен мұнайшыларды қолдау мақсатында бекітіліп отыр.

Елбасының оқу орындарында маман дайындау сапасын арттыруға қойылған талаптарына толықтай қосыламыз. Оның айғағы білім ордалары түлектерінің сәтті жұмысқа орналасуы болып табылады. «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай-газ компанияларының арасында алғашқы болып өзінің өндіріс алаңдарында дуалдық оқыту бағдарламасын іске қосты.

Ембілік мұнайшылар Президентіміздің өндіріс тиімділігін арттыру, әлеуметтік тұрақтылықты қалыптастыру арқылы халықтың жағдайын көтеру мақсатындағы талаптарын зор ықыласпен қолдайды. Ұжымда орнаған татулық, бірліктің нәтижесінде ел экономикасын көтеру мақсатындағы алда тұрған өзекті жәйттарды бірлесе шешуге үлес қосамыз деп сендіреміз.

Әнуар Жақсыбеков
«Ембімұнайгаз» АҚ
Басқарма төрағасы

ҚАРТЫ БАР ЕЛ ҚАЗЫНАЛЫ

Халықаралық қарттар күніне орай «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбеков Атырау облыстық қарттар және мүмкіндігі шектеулі жандар үйіне барды.

Шара барысында компания басшысы облыстық қарттар және мүмкіндігі шектеулі жандар үйі тұрғындарын айтулы мерекемен құттықтады:

- Компанияның бес мыңнан астам қызметкерінің атынан еңбек еткен жылдарыңызда Қазақстан эконо-

микасының дамуына қосқан елеулі үлестеріңіз үшін алғыс білдіре отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін. Ардагерлер мен зейнеткерлерді қамқорлау, ардақтау – Компанияның игі дәстүріне айналған, - деп атап өтті халықаралық мерекеге орай ұйымдастырылған концертте ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ.

Қарттар және мүгедектер үйіне сапары барысында компания басшысы мұнда мекен етіп жатқан ерлі-зайыпты Славовтар құттықтады. Отағасы Николай Славов – Ұлы Отан соғысының

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

және еңбек ардагері, Ембімұнайгаз және «Гурьевнефтехимстрой» тресінде көп жылдар бойы еңбек еткен. Ал, жұбайы Людмила Петровна білім беру саласындағы ұзақ жылғы абыройлы еңбегі үшін «Білім беру ісінің үздігі» атағына ие болған. Н.Н.Славов ЕМГ басшысына ілтипаты үшін шынайы алғысын білдіріп, компания ұжымына толағай табыс тіледі.

Қазіргі таңда облыстық қарттар және мүмкіндігі шектеулі жандар үйінде 103 адам мекен етсе, соның ішінде 57-сі – I және II топ мүгедектері. Ал, 46-сы – мемлекет қамқорлығындағы қарт адамдар.



АКАДЕМИК МУФТАХ ДИАРОВ-85 ЖАСТА

Атырау мұнай-газ университетінің бас корпусында өткен ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, геолого-минералдық ғылымдарының докторы, профессор, Атырау облысының Құрметті азаматы Муфтах Диаровтың 85 жасқа толуына арналған «Экология және мұнайгаз кешені» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысына «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы А.Е.Жақсыбеков қатысты.

Шараға сонымен қатар Атырау облысының әкімі Н.А.Ноғажиев, Атырау облысы әкімінің орынбасары Н.С.Сайлауова, облыстық маслихаттың хатшысы Ө.Зинуллин, «Нұр Отан» партиясы Атырау облыстық филиалы төрағасының орынбасары Н.Ж.Ожаев, мұнай компанияларының

басшылары мен өкілдері, АМГУ басшылығы мен оқытушылар құрамы, студенттер мен БАҚ өкілдері қатысты.

- Муфтах Диаровтың есімі бүгінде елімізге және ел аумағынын тыс елдерге де кеңінен танымал. Оның еңбектерімен бүгінде еліміздің мұнай-газ секторында соның ішінде, Ембі өңірін игеруде еңбек етіп жатқан геологтар ұрпақтары, мұнайшылар мен ғалымдар тәрбиеленді. Біздер-геологтар және ғылыми-зерттеу жұмыстарының өкілдері үшін оның еңбектері үлгі-өнеге. Ембілік мұнайшылар атынан мерейгерді 85 жасқа толған туған күнімен құттықтаймын. Біз сіздің еңбекқорлығыңызға тәнтіміз. Сізге үлкен денсаулық, жаңа

АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ

ғылыми шыңдар тілей отырып, талантты шәкірттеріңіз сіздің жолыңызды жалғастырсын дейміз, -деп құттықтап өтті Ә.Жақсыбеков өзінің жасаған баяндамасында.

Конференция барысында спикерлер өздерінің баяндамаларында еліміздің тау-кен химия өндірісінің дамуындағы Муфтах Диаровтың жетекшілігімен жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының зор үлесін, аймақтың экологиясын сақтау жолындағы оның принципті ұстанымын ерекше атап өтті. Каспий теңізінің ресейлік секторындағы күкірт-сутек кеніштерін игерудегі пайдалану ұңғымалары мен бұрғылау технологияларына, су асты мұнай құбырларының құрылысына арналған баяндамалар тыңдалды.

ЖАЛАҚЫДАН ҰСТАЛАТЫН САЛЫҚТАР ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Ай сайын бәріміз жалақы аламыз. Жалақы – еңбегіміз үшін төленетін төлем. Ал, айлық жалақы Компания басшылығы мен жұмысшы арасындағы екі жақты жасалған келісімшартта көрсетілген көлемге сай жұмыстар орындалған жағдайда жүргізіледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ өз мамандарына 132-ге жуық төлем түрлерін жасайды. Осы төлемдердің арасынан 40 шақты түрінен салықтар төленеді. Оның үшеуі жұмысшының жалақысы есебінен ұсталынады. Олар:

- Жеке табыс салығы (ИПН) 10% ;
- Міндетті зейнетақы жарнасы (ОПВ) 10% ;
- Кәсіподақтық жарна (Профвзнос) 1% көлемінде ұсталынады.

Ал, Компания бойынша бекітілген «Ұжымдық шарт», «Қайырымдылық және демеушілік шаралары туралы», «Әлеуметтік көмектер көрсету туралы» қағидалары мен ҚР «Еңбек кодексі», «Салық кодексі» құжаттарына сай жұмысшы мен қызметкерге көрсетілетін барлық көмек түрлерінен ұсталатын салықтар Компанияның бюджеті есебінен жүргізіледі. Нақтылайтын болсақ Жұмыс беруші:

- Міндетті әлеуметтік сақтандыру (ОСМС) салығы 15 жалақының ең төменгі мөлшерінен (МРЗП) бастап, 5%;
- Әлеуметтік аударым салығы (СО) 10 жалақының ең төменгі мөлшерінен (МРЗП) бастап 3,5%;
- Әлеуметтік салық (СН) 9,5%;
- Міндетті зейнеткерлік кәсіби жарна (ОППВ) 5%; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсанындағы № 1562 қаулысына сай міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы тек өндірісте зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлердің ғана зейнетақы есеп шотына тікелей аударылады.

Төмендегі сызбадан сіздерге Компания есебінен төленетін салық туралы мәліметті ұсынамыз:

№	САЛЫҚ МӨЛШЕРІ КОМПАНИЯ ЕСЕБІНЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТӨЛЕМДЕР
1	Бала дүниеге келгендегі жұмыскерге төленетін 50 АЕК
2	Ауған жауынгерлеріне әлеуметтік көмек 50 АЕК
3	50-55 жасқа толған әйелдерге көмек (50,55 АЕК),
4	50-60 жасқа толған ер адамдарға көмек (50, 60 АЕК)
5	Тәрбиесінде мүгедек баласы бар жұмыскерге көмек 50 АЕК
6	Мүгедектер күніне орай мүгедек жұмыскерлерге көмек 30 АЕК
7	Медициналық сақтандыру шығыны 90 мың теңге
8	1 мектеп оқушысына оқу құрал-жабдықтарын сатып алуға көмек 30 мың теңге
9	Тамақтану (5 күндік жұмыскер)
10	Жұмыскерлердің арнайы курстардан өту шығыны
11	Мұнайшы балаларының жазғы демалысына кеткен төлем 150 мың теңге
12	Мерейжас иесіне берілетін бағалы сыйлықтар құны
13	Қайтыс болған жұмыскерді жерлеу рәсімі 100 АЕК
14	1,5 жасқа дейін бала күтімінде отырған жұмыскерге ай сайын 20 АЕК
15	«Үздік маман» сайысының жеңімпазына төленетін қосымша қаражат
16	Медициналық ота жасау қаражаты 2 млн теңгеге дейін
17	Жұмыскердің ағайыны қайтыс болған жағдайдағы жерлеу рәсімі 50 АЕК
18	Жұмыскердің екі немесе одан да көп отбасы мүшесі қайтыс болған жағдайда көрсетілетін көмек 200 мың теңге
19	Жұмыскердің баласына жаңа жылдық сыйлықтар үшін берілетін төлем бір балаға 4 мың теңге
20	Жұмыскердің демалысы үшін шипажайларға берілетін жолдама құны 250 мың теңге
21	Жұмыскер қайтыс болған жағдайда несие қарызын есептен шығару төлемі
22	Межеден тыс арнайы киім берілгендегі төлем
23	Жұмыс орнында қайтыс болған жұмыскердің отбасына көрсетілетін көмек 1,5 млн теңге
24	Жұмыскер жұмыс орнында жұмыс уақытында денсаулығына байланысты қайтыс болған жағдайда оның отбасына төленетін төлем 300 мың теңге
25	Жұмыскердің мүгедектігіне байланысты еңбек шарты бұзылған жағдайда берілетін төлем 300 мың теңге
26	Жұмыскердің төтенше жағдай кезінде бұзылған баспанасын жөндеуге, қайта қалпына келтіруге берілетін төлем 2 млн теңгеге дейін

Көріп отырғандарыңыздай, салықтың басым бөлігі Компания есебінен жүргізілуде. Компания тарапынан жұмысшыларға жасалған жеңілдік әрі үлкен көмек деп түсінеміз. Мұнайшылардың өздеріне тиесілі жалақысын артық салықтық төлемсіз толықтай алуларына мүмкіндік жасалған. Бұл – Компания басшылығының қарапайым еңбек адамының әлеуметтік жағдайына

үнемі қолдау көрсетіп, жіті назарда ұстайтындықтарының тағы бір дәлелі.

Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА,
Басқарма төрағасының
экономика және қаржы
жөніндегі орынбасары.

Жалақы жөнінде сұрақтарыңыз болса G.Karajanova@emg.kmgep.kz поштасы арқылы жолдай аласыздар. Сіздердің сауалдарыңызға тиісті мамандар жауап дайындайды.

НА ТЕНГИЗ ЗА ОПЫТОМ

Два дня, с 13 по 14 сентября текущего года группа специалистов АО «Эмбаунайгаз» (далее ЭМГ) знакомилась с опытом ТОО «Тенгизшевройл» по обслуживанию объектов социально-бытового назначения, организацией условий труда и отдыха для работников вахтовых поселков, а также деятельности крупнейшей нефтегазовой компании в области обеспечения связей со всеми заинтересованными сторонами.

13 сентября специалисты ЭМГ посетили объекты социально-бытового назначения на месторождении «Тенгиз». Делегацию отечественной нефтяной компании возглавил заместитель председателя Правления по общим вопросам Салимжан Жумашевич НАКПАЕВ. В состав делегации от Эмбы вошли финансовый контролер Тажмагамбетова Н.А., директор департамента социальной политики и хозяйственного обеспечения С.А. Кумискалиев, руководители отделов социальной политики 4-х нефтедобывающих управлений, сотрудники департамента социальной политики и службы по связям с общественностью аппарата управления ЭМГ.

В ходе визита на «Тенгиз», специалисты АО «Эмбаунайгаз» ознакомились с организацией деятельности тренажерных залов, бассейнов, кинотеатра, столовых на территории вахтовых поселков ПТШО и «Шанырак». Особый интерес у нашей делегации вызвала методология и организационная деятельность оздоровительного центра «Кемел», организация питания для работников, работающих в ночную смену, работа службы безопасности по обеспечению сохранности имущества компании и правопорядка на территории месторождения, а также широкий спектр медицинских услуг, оказываемых клиникой на территории центрального вахтового поселка.

На следующий день в здании головного офиса ЭМГ состоялся семинар специалистов «Тенгизшевройл», где главными спикерами выступили **генеральный менеджер отдела по связям с правительством и общественностью Рзабек АРТЫГАЛИЕВ** и **генеральный менеджер Управления людскими ресурсами Шолпан АЛТЫБАЕВА**. В ходе семинара, Ш. Алтыбаева рассказала о принципах работы с персоналом, действующих мотивационных программах в компании и работе в области укрепления внутренних коммуникаций. Рзабек Даутович в своей презентации проинформировал о масштабной работе своего подразделения, ответственного

ОБМЕН ОПЫТОМ

за целый ряд важных направлений деятельности нефтегазовой компании – от построения грамотных коммуникаций с государственными органами, НПО и СМИ до реализации социально-инфраструктурной программы «Игилик» и проектов по развитию социального предпринимательства в РК.

В заключение семинара заместитель председателя Правления по общим вопросам ЭМГ С. Напиев поблагодарил Р. Артыгалиева за организацию полезного для специалистов социальной сферы ознакомительного тура и семинара:

– Несмотря на то, что большая часть эмбинских месторождений компании прошла пик добычи и большую территориальную разбросанность разрабатываемых 33-х месторождений, особое внимание в компании уделяется совершенствованию социально-бытовых условий для нефтяников. В течении последних лет реализуется масштабная программа по модернизации социальной инфраструктуры, разрабатываются новые модели по эффективному управлению социальными объектами. Поэтому нам особо интересен опыт нефтяных компаний, в которых данные процессы построены с соблюдением международных стандартов и требований, - отметил Салимжан Жумашевич.



ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

ТЕРМОСТЫҚ ТАМАҚТАНУ ӘДІСІ
ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы жіті назарда ұстап отырған мәселе-қарапайым еңбек адамының әлеуметтік жағдайын барынша жақсарту. Бұл орайда тың бастамалар батыл қолға алынуда. Әлеуметтік саясат және шаруашылықпен қамту департаментінің ұсынысымен мұнайшылардың тамақтану барысында үлкен өзгерістер қолға алынғалы отыр. Соның бірі- термостық тамақтану әдісі. Бұл әдіс бізге не үшін керек? Тиімділігі неде?

Ең алдымен, Компания басшылығы үшін өндіріс алаңдарындағы төтенше оқиғалардың алдын алу, мұнайшылардың қауіпсіз ортада еңбек етулеріне жағдай жасау өзекті жәйттің бірінен саналады. Ембі кен алаңдары толықтай асханамен қамтылмаған, шағын кеніштердің жұмысшылары орталықтағы асханадан тамақтанады. Бұл орайда

оларды арнайы бөлінген транспортпен асханаға тасымалдауға тура келеді. Көлік қатынасы бар жерде қауіптің барын ешкім жоққа шығармайды. Міне, осы мәселені ескерген жауапты мамандар Термостық тамақтану әдісін қолға алып отыр. Бұл дайын тамақты өндіріске жеткізу әдісі (еда на вынос). Бұл орайда, орталық асханадан дайындалған ас термо-бокстар арқылы тиісті орындарына жеткізіледі. Термо-бокстар тамақты белгілі бір мерзімге дейін сақтауға ыңғайлы. Тамақтың сапасына да зиян келмейді.

Айта кету керек, бұған дейін аз ғана адам тобы еңбек ететін шағын кеніштерде асхананың болмауына байланысты құрғақ азық үлесін тарату әдісі қолға алынған еді (сухой паек). Тамақтанудың бұл әдісі жиі және ұзақ қолданыста болуы денсаулыққа

зиянды. Ал, термостық тамақтану әдісі - осындай келеңсіз жәйттардың алдын алуға арналған әзірге өзге баламасы жоқ тиімді әдіс. Пилоттық жоба «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты 20 адам еңбек ететін Гран кен алаңында биыл басталғалы отыр.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ӘРІПТЕСТЕР!

Ағымдағы жылдың 24-қазан күні «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбековтың 2018 жылдың 9 айлық жұмыстың қорытындысы бойынша ұжым мүшелерімен кездесуі өтеді. Осыған орай, Компанияның өндіріс және әлеуметтік салалары бойынша сауалдарыңыз болса төмендегі поштаға жолдауларыңызды өтінеміз.

Л.Сүлейменова:

L.Suleimenova@emg.kmgcp.kz

Ғ.Қаражанова:

G.Karajanova@emg.kmgcp.kz

А.Ертлеуова:

A.Ertleuova@emg.kmgcp.kz

СПАРТАКИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбеков ағымдағы жылдың 26-29 тамыз күндері Астана қаласында өткен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ спартакиадасының финалдық кезеңінде жүлделі III орынды иеленген ЕМГ шағын футбол мен әйелдер волейбол командасының ойыншыларын қабылдады.

— Финалдық ойындарға отыздан астам компания қатысты. Солардың арасынан III орын алу оңайлықпен келмейтіні белгілі. Күнделікті жұмыстарыңды жасап жүріп, спортпен шұғылданып, компанияның намысын қорғап жүргендеріңіз үшін Компания ұжымы атынан сіздерге алғы-



КЕЗДЕСУ

сымды білдіремін. Компанияда жұмысшылардың денсаулықтарын арттыру, спортпен шұғылданып бойынша үлкен жұмыстар жүріп жатыр. Әлеуметтік, өндірістік жағдайларды шешуде де көп шаруалар қолға алынуда. Сондықтан, жұмыстарыңызды алға қарай да абыройлы жасап, алдағы күндеріңізге де сәттілік тілеймін. Жеңісті күндеріңіз көп болсын!, - деп Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков алғысын білдірді.

Айта кетсек, ҚМГ спартакиадасы үш кезеңнен тұрды. Алдымен, әр компания қызметкерлері өздерінің базасында жарысып, одан жеңгендер Қызылордада өткен II іріктеу турында бақ сынасты. Бұл кезеңде ЕМГ-нің волейболдан ерлер мен қыздар командалары, шағын футбол командасы мен шахмат ойынынан қатысқан қызметкері I орын алып, Елордада өтетін финалға жолдама алған болатын.

Спортшыларды ынталандыру мақсатында Компания тарапынан біржолғы сыйақы берілді.

АКЦИЯЛАРДЫ ҚАЙТА САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ЖАДЫНАМА ПАМЯТКА ПО ОБРАТНОМУ ВЫКУПУ АКЦИЙ



1

ҚМГ БӨ АҚ-ның артықшылықты акцияларын сатуға шешім қабылдаңыз

Примите решение продать привилегированные акции АО РД КМГ



2

Брокерлік шот ашу үшін Брокермен («Қазпошта» АҚ немесе кез келген басқа брокерлік компания) келісімшарт жасаңыз

Заключите договор с Брокером (АО «Казпочта» либо любая другая брокерская компания) для открытия брокерского счета



3

«Қазпошта» АҚ трансфер агентіне (тіркеушінің кеңсесі жоқ қалаларда) жүгініп және акцияларды шығынға жатқызуға бұйрық беріңіз

Обратитесь к Трансфер агенту АО «Казпочта» (в городах, где нет офиса регистратора) и подайте приказ на списание акций

4



Брокерге жүгініп, акцияларды есепке алуға бұйрық беріңіз

Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на зачисление акций

5



Брокерге жүгініп және артықшылықты акцияларды Биржаның мамандандырылған сауда-саттықтарында сатуға (артықшылықты акцияларды брокерлік шотқа есептегеннен кейін) бұйрық беріңіз

Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на продажу привилегированных акций в специализированных торгах на Бирже (после зачисления привилегированных акций на брокерский счет)

6



Брокерге жүгініп, ақша қаражатын есептеуге клиент тапсырмасын беріңіз (ҚМГ БӨ АҚ есеп-айырысуларды өткізгеннен кейін)

Обратитесь к Брокеру и подайте поручение клиента на зачисление денежных средств (после проведения расчетов АО РД КМГ)

Артықшылықты акцияларды сатып алу бағдарламасының басталу мерзімі – 2018 жылдың 13 тамызы.



Өтінішті қабылдауды брокер 2018 жылы 15 қарашада сағат 17.00-де, трансфер-агент 2018 жылы 14 қарашада аяқтайды.

Мамандандырылған сауда-саттықтар (мамандандырылған сауда-саттықтар өткізілгеннен кейін)



Спецторги (после проведения спецторгов)

Дата начала программы выкупа привилегированных акций – 13 августа 2018 года.



Финальная дата приема заявок брокером – 15 ноября 2018 г. 17:00ч. (трансфер-агентом – 14 ноября 2018г.)

БАЙЛАНЫСТАР

Артықшылықты акцияларды сату үшін жүгінуге болатын «Қазпошта» АҚ-ның жергілікті бөлімшелері тізімі

- Атырау қ., Абай к-сі, 6; 8 (7122) 95-69-93
Баймұханов к-сі, 70А; 8 (7122) 95-69-69
Авангард 3 ш.а., 49; 8 (7122) 21-30-02
- Құлсары қ., Махамбет д-лы, 23; 8 (71237) 5-17-38
- Мақат қ., Мұқашев к-сі, 19; 8 (71239) 3-17-18
- Доссор қ., Сүлейменов к-сі, 1; 8 (71239) 2-18-01
- Ақтау қ., 8 ш.а., 20; 8 (7292) 20-35-66
- Жаңаөзен қ., Шаңырақ ш.а., 46Е; 8 (72934) 7-17-90

Барлық сұрақтар бойынша Қазпоштаның бірыңғай байланыс орталығына хабарласыңыздар

1499

Тіркеуші – «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ байланыс деректері:

- Астана қ., Иманов көш, 13, 101 кеңсе; 8 (7172) 47-61-88, 8 (7172) 47-61-89.
- Алматы қ., Бостандық ауданы, Сәтпаев көш., 30 А/3; тел. 8 (727) 272-47-60, ішкі 150, факс: 8 (727) 272-47-60, ішкі 230.

Атырау қаласындағы байланыстар:
Уәлиханов к-сі, 1, «Ембимунайгаз» АҚ, қазынашылық департаменті, тел.: 8 (7122) 99-32-62

Жаңаөзен қаласындағы байланыстар:
Қ. Сәтбаев к-сі, 3, «Өзенмұнайгаз» АҚ, қазынашылық департаменті, тел.: 8 (7293) 46-34-01

КОНТАКТЫ

Список местных отделений Казпочты, в которые можно обратиться для продажи привилегированных акций

- г. Атырау, ул. Абая, 6; 8 (7122) 95-69-93
ул. Баймұханова, 70А; 8 (7122) 95-69-69
Авангард 3 мкр., 49; 8 (7122) 21-30-02
- г. Құлсары, пр. Махамбет, 23; 8 (71237) 5-17-38
- п. Мақат, ул. Мұқашева, 19; 8 (71239) 3-17-18
- п. Доссор, ул. Сүлейменова, 1; 8 (71239) 2-18-01
- г. Ақтау, 8 мкр., 20; 8 (7292) 20-35-66
- г. Жаңаөзен, мкр. Шанырақ, зд.46Е; 8 (72934) 7-17-90

По всем вопросам обращаться в единый контакт-центр Казпочты

1499

Контактные данные регистратора – АО «Единый регистратор ценных бумаг»:

- г. Астана: г. Астана, 010000, ул. Иманова, 13, офис 101; тел.: 8 (7172) 47-61-88, 8 (7172) 47-61-89.
- г. Алматы, Бостандықский р-н, ул. Сәтпаева, 30А/3 тел. 8 (727) 272-47-60, вн. 150, факс: 8 (727) 272-47-60, вн. 230.

Контакты в г. Атырау:
ул. Валиханова 1, АО «Ембимунайгаз», департамент казначейства, тел.: 8 (7122) 99-32-62

Контакты в г. Жаңаөзен:
ул. К. Сәтпаева 3, АО «Өзенмұнайгаз», департамент казначейства, тел.: 8 (7293) 46-34-01

МАМАНҒА ҚҰРМЕТ

БІЗДІҢ ГҮЛЕКЕ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да жақсы жолға қойылған дәстүрлі шараның бірі-осы ұжымда ұзақ жылдар еңбек етіп, Компанияның дамуына өзіндік үлесін қосқан мамандарды құрметті еңбек демалысына ұлығылап шығарып салу. Өткен аптада Күрделі құрылыс департаментіне қарасты Жобалау-сметалау жұмыстары бөлімінің басшысы Гүлбаршын Нұрғазиева зейнеткерлік демалысқа шықты. Әріптестері шара кезінде Гүлбаршын Құбайдоллақызына өздерінің жүрекжарды лебіздерін арнады.

ҰСТАНҒАН ҚАҒИДАСЫ - ЖАУАПКЕРШІЛІК

Әрбір бала ата-анасының айнасы ғой. Әкеден – ақыл, шешеден мейір көріп өскен Гүлбаршын Құбайдоллақызының бойындағы жақсы қасиеттердің бәрін оның тәрбиесінен іздеген жөн шығар. Өзім жұмыстас болған кездерімде Гүлбаршынның жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарайтыны маған қатты ұнайтын. Қандай да бір жұмысты тапсырсаң тыңғылықты, тиянақты етіп орындап көңіліңді жай таптыратын. Жасының үлкендігіне қарамастан жастармен бірдей қоғамдық жұмыстарға белсене араласып кететін.

Нұржанов Махамбет
Құрылыс департаменті директоры



АДАМ-ӨЗ ӨМІРІНІҢ СӘУЛЕТШІСІ

Тумасынан еңбексүйгіш те белсенді Гүлбаршын Құбайдоллақызының менің өмірімде алатын орны бір бөлек деп айтсам артық айтпадым деп ойлаймын. Біз сияқты мамандарға өзінің кесімді пікірлерімен, өмірлік бай тәжірибесімен бөлісіп отырып бізді үйрете білді. Оның бойындағы "ақырын жүріп, анық басатын" байсалдылығы, жусаннан аласа, бетегеден биік кішіпейлдігі, құйса толмайтын, толса аспайтын парасаттылығы, зерделілігі, еңбекқорлығы, зияткерлігі – ұлы Абай бабамыз айтқандай, тамаша бес қасиеті жайлы да көп айтуға болады.

Гүлбаршын Құбайдоллақызынан тек жұмыс үйреніп қана қойған жоқпыз, ол кісі апалық, аналық ақылдарын да аяған емес. Өзінің қаншалықты жұмысының қиындығына қарамастан өмірдегі ең басты ролі- Аналық қасиетін жоғары бағалай білді. Аналық жүрегінің жылы шуағын тек жанұясына емес, айналасындағы бізге де шаша білген Гүлбаршын апамызға алдағы уақытта мықты денсаулық тілеймін.

Жансұлтанова Кенжегүл,
Жобалау-сметалық бөлімінің инженер-технологы

ӨЗІМЕ ҰСТАЗ ТҰТАМЫН

Ол кісімен осы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жүйесінде 21 жыл бірге жұмыс жасаған екенмін. Мен еңбекке алғаш араласа бастаған кезде Гүлбаршын

Құбайдоллақызы бізге «Каспиймұнайгаз» жобалау институтынан ТГВ (жылугазвентилизация) бойынша квалификациясы бар маман ретінде ауысып келді. Ол жұмысшы жобалардың жылу және вентиляция, су құбыры және канализация, жылумен қамту секілді тарауларын орындайтын еді. Бірге жұмыс жасаған жылдар ішінде біз көптеген жұмысшы жобаларды бірлесіп жүзеге асырып жүрдік. Гүлбаршын Құбайдоллақызы өз жұмысын кәсіби жоғары шеберлікпен өте сауатты орындайтын. Жобалаушы қызметі өте жауапкершілікті, творчестволық дәлдікті талап ететін салмақты жұмыс.

Мен Гүлбаршын Құбайдоллақызының тікелей басшылығымен көптеген жұмыстарды орындағанымды да мақтан тұтамын. Өйткені ол өз ісінің білікті маманы, тәжірибелі басшы болуымен қатар, жақсы ұйымдастырушы, әрі адамгершілігі зор адал адам. Болашақ жаңа жобаларды мамандармен бірлесе талқылап, ортақ шешім қабылдау, айналасындағы мамандардың ұсыныс, тілектерін жұмыс барысында ескеру ол кісіге тән тәсілдің бірі болатын.

Джардемova Ардақ,
жобалау-сметалау бөлімі инженері.

МЕНШІК ИЕСІ: «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ



ЕмбіМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Шығарушы:
қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор:
Айгүл Ертлеуова



<https://www.facebook.com/100016808373445>



https://www.instagram.com/ao_embamunaigas



<https://t.me/embamunaigaz>



www.emba.kz

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ – «Ембімұнайгаз»

АҚ Басқарма төрағасы; **Айболат**

ГАБДУЛЛИН – Басқарма төрағасының

өндіріс жөніндегі орынбасары; **Қайрат**

ӘДІЛБЕКОВ – Басқарма төрағасының

геология және кен орындарын игеру

жөніндегі орынбасары; **Бауыржан**

БАЛЖАНОВ – Басқарма төрағасының

бизнесі дамыту жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ – Басқарма

төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі

орынбасары; **Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА**

– қызметкерлерді басқару және еңбекке

ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА – қоғаммен

байланыс қызметінің жетекшісі

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі, 105 кабинет

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА

8 (7122) 99-34-77

L.Suleimenova@emg.kmgp.kz

Ғалия ҚАРАЖАНОВА

8 (7122) 99-34-21,

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

Айгүл ЕРТЛЕУОВА

8 (7122) 99-32-09,

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz